



№38 (5148)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

19

қыркүйек (жұма)
сентября (пятница)

2025

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник



О л а р
аудан дең-
гейінде
атқарылып
жатқан жұ-
мыстар
жайында
баяндап,
ортақ мақ-
сатқа үлес
қосуға дайын
екендерін
айтты.
О т ы -
рыста аудан-
дық мәслихат

АУДАНДЫМЫЗДА «ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ҮЛКЕН ТҮЙЕ КЕРУЕНІ» ӨТЕДІ

Сенбі күні ауданымызда «Әлемдегі ең үлкен түйе керуені» номинациясында жаңа Гиннесс рекорды орнатылады! Бұл – тарихта алтын әріппен жазылатын ұлы оқиға. Бастаманың авторлары – Сыдық және Шарипа Дәулетовтер, «Дәулет-Бекет» түйе шаруашылығы – әлемдегі түйе саны бойынша екінші орын иегер шаруашылық. Түйе керуенінде 1000 түйе бір арнаға тоғысып, 9000 шақырымға жететін керуен бір мың шақырымдық жерді жүріп өтіп, Қазақстан-ның атын жаһанға паш етеді! Тарихи сәтке арналған үлкен мерекелік бағдарлама өтеді! Ашық аспан астында киіз үйлер тігіліп, қонақтарды қазақтың бай дәстүрі мен ұлттық қонақжайлығы қарсы алады. Ұлы шарада отандық эстрада жұлдыздары өнер көрсетеді.

Алда өтетін түйе керуені туралы қазақтың қабырғалы ғалымы, Сыр сұлейлерінің сарқыты Берік Жүсіпов: «Түйемен «ауыратын» жанның бірі болғасын ба, білмедім, әйтеуір мына түйе керуені жайындағы көздің жауын алып, құлақтың жарғағына жағымды тиген ғажап жаңалық жаныма сондай жылы әсер етті. Бұл өзі жерде тұқыл, теңіз бен көлде тамшы қалғанша өлмейтін нағыз құм-кеменің өзі ғой. Қара жердегі қақтың бетін қақшып өте береді. Жарықтың мөлдіреген көзінің өзі неге тұрады, тұнып тұрған шер мен сыр. Білетінім: тек оны жан-тәңіммен беріліп, бар ықыласыммен сүю керек. Сондай сүйген құлдың бірі – Пір Бекеттің ақтығы, Сыдық Дәулетов ағамыз. Мың түйе, мың түйенің шеруі, оның Геннистер кітабына енуі. Сол сәттің куәсі болудың өзі бір ғанибет қой! Айтпақшы, мың жылқының шеруін көрдім. Ақтөбенің Қобда деген жерінде, Қиылдың бойында, Есімжан деген інім мұғалжар мен көшім тұқымын айдап келіп, алдымнан шұбыртып өткізгенде. Ал мына ғажапты көру керек» - деп ағынан жарылды.

Айта кетейік, Сыдық Дәулетов Іле ауданындағы беделді кәсіпкер, халық қалаулысы. Ол 2001 жылы «Дәулет-Бекет» түйе шаруашылығын ашып, бүгінгі таңда Ойсылқара төлін көбейтуді қолға алған. Қазір шаруашылықта бес мыңнан аса түйе өсіріледі. Шаруа қожалығының жалпы жер көлемі 28812 гектарды құрайды. Орташа есеппен тәулігіне 5000-7000 литр сүт сауылады. 2021 жылы түйе сүтін ұнтақ сүтке айналдыратын жаңа заманауи зауыт іске қосылды, ол



ішкі нарықтан бөлек Қытайға экспортталады. С. Дәулетов алдағы уақытта түйе санын 10-15 мыңға жеткізуді мақсат етіп отыр. Әлемде түйе сүтін өндіру – сұранысқа ие бағыттардың бірі. Қазақы түйе сүтінің сапасы мен майлылығы жоғары екенін тіпті шетелдік мамандардың өзі мойындайды. Демек, қазақтың түйесі әлемнің қызығушылығын тудырып, «Әлемдегі ең үлкен түйе керуені» қазақ даласынан жүріп өтсе, қандай ғанибет!

Құрметті оқырман! Әлемдік Гиннесс рекордтар ену жобасының қолдаушысы ретінде сіздерді осы іс-шараның көрермені болуға шақырамыз! Әлемдегі ең үлкен түйе керуені 20 қыркүйек күні сағат 11:00-де Алматы облысы, Іле ауданы, Күрті селолық округінде, Алматы - Астана тас жолының 121 шақырымында өтеді.

Өз тілшіміз

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Іле ауданында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйекте жариялаған Жолдауын талқылауға арналған аудан активінің отырысы өтті. Жиынға аудан әкімі Қайыржан Жақсымбетов төрағалық етті.

К е з д е -
су барысында Жолдауда көрсетілген

стратегиялық бағыттар жан-жақты қарастырылып, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты негізгі міндеттер талқыланды.

Аудан әкімі тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған шараларды жүйелі жүзеге асырудың маңыздылығын атап өтті.

Жиында әрбір сала мамандары Жолдау аясында өз ойларын білдіріп, құжатта айтылған міндеттердің іске асырылу жолдары туралы пікірлерін жеткізді.



депутаттары, мекеме және бөлім басшылары, ардагерлер, ақсақалдар кеңесі мен аналар кеңесінің төрағалары, жастар, үкіметтік емес ұйым жетекшілері және БАҚ өкілдері қатысты.

Бұл жиын Президент Жолдауын жүзеге асырудағы ауданның нақты қадамдарын айқындап, барлық қатысушыларға ортақ бағытты бекітті.

Диана ҚАНАТ

ЖАҢА ҚАЛАҒА – ЖАСЫЛ ЭНЕРГИЯ КӨЗІ КЕРЕК

Бүгінгі халыққа арнаған Жолдауында, Алатау қаласы туралы Президентіміз ерекше тоқталып өтті. Біздің жаңа қаламыз – болашақтың қаласы болып дамытын болды. Мені тағы да бір алаңдатқаны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде екінші, тіпті үшінші атом электр станциясының құрылысын қазірден бастап жоспарлай беру керек екенін айтты.

«Қазір біз қуат көздерін жан-жақты жаңғыртып жатырмыз. Шетел инвесторларының қатысуымен ауқымды жобалар жүзеге асуда. Мысалы алдағы бес жылда қуаты 6,3 гигаватт болатын «жасыл» энергия нысандарын іске қосу жоспарланған. Бұл қадам еліміздегі жасыл энергияның үлесін едәуір арттырады.

Бірақ Қазақстанның түпкі мақсаты – қуат көздерін өзгерту емес. Бұл – ең алдымен еліміздің энергия жүйесінің нақты мүмкіндігі мен мемлекетіміздің ұзақмерзімді мүдделеріне негізделген

тұрақты даму жолы.

Осы орайда ядролық энергетиканы дамытуға бет бұруымыздың мән-маңызы айрықша. Бір ай бұрын Алматы облысында Қазақстандағы алғашқы атом электр станциясына қатысты жоба «Росатоммен» бірге жүзеге асырыла бастады. Бірақ экономиканы тұрақты дамыту үшін бұл жеткіліксіз. Екінші, тіпті үшінші атом электр станциясының құрылысын қазірден бастап жоспарлай беруіміз керек - деп айтылды.

Жасыл энергияны дамытуға қарсылығым жоқ. Президентіміздің аса жауапкершілікпен осы жұмысты атқарып, бақылап, өз қарауында екені сөзсіз. Жаңа қалаға жасыл энергия көзі керек-ақ. Президентіміздің бір емес бірнеше атом электр станциясын салыну жоспарына қосыламын.

Нұрхайын МҰХИДДИНОВ
Алматы облысы, Алатау қаласының тұрғыны, Чернобыль апатының ардагері

ЖАСТАРДЫҢ ДАМУЫ МЕН ПАТРИОТИЗМ: ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 8 қыркүйектегі Жолдауы еліміздің дамуы үшін өте маңызды бағыттарды айқындады. Ең бірінші назарды цифрлық трансформация мен жасанды интеллект саласына аударуы қуантады. Бұл жастарға жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Елімізде білім беру мен ғылымды жаңғырту, инновациялық жобаларды қолдау арқылы жастарды кәсіби және интеллектуалды тұрғыда дамытуға ерекше мән берілетіні көрінеді.

Жолдауда патриотизмнің жаңа мәні айқын көрсетілген. Қазіргі жас ұрпақ үшін патриотизм – тек отанға сүйіспеншілік емес, елге пайда әкелу, қоғамға жаңа идеялар мен жобалар арқылы үлес қосу. Жастар тек білім алып қана қоймай, инновация мен шығармашылыққа белсенді араласып, Қазақстанның дамуына тікелей үлес қосуы тиіс. Бұл – елдің болашағы үшін маңызды фактор.

Біздің мақсат – жастардың қабілетін да-

мытуға барлық жағдай жасау. Әсіресе ауылдық жерлердегі жастарға сапалы білім мен қосымша ресурстар беру, олардың заманауи технологияларды меңгеруіне мүмкіндік жасау өте маңызды. Жолдауда көрсетілген барлық бастамалар – білімді, белсенді, жаңа идеяларға ашық жастардың дамуына серпін береді.

Менің ойымша, бүгінгі жас ұрпақ елдің дамуына тікелей қатысу арқылы патриоттық қасиетін көрсетеді. Біз жастарды қолдап, олардың қабілетін толық ашуға жағдай жасағанымыз дұрыс. Президенттің жолдауы жастарға сенім береді, оларды ғылымға, инновацияға және шығармашылыққа ынталандырады. Бұл бастамалар бүкіл елдің дамуына серпін беріп, Қазақстанды цифрлы, заманауи және дамыған мемлекетке айналдыруға жол ашады».

Мариям АЙДАР,
Іле ауданы Жастар ресурсық орталығының басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылғы 28 қазанда сағат 14:30-да мына мекенжайда: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Бәйтерек а/о, Алматы-Көкпек автожолының 32 шақырымы, «ХАН Элит Строй» ЖШС ғимараты, конференцзал (коорд. 43.406786, 77.242590), «ХАН Элит Строй» ЖШС ұнтақтау-сұрыптау қондырғысы бар құм-қиыршық тас қоспасын өндіру карьері үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс ретінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастамашы: «ХАН Элит Строй» ЖШС, БСН 180740029761, телефоны: 8(727) 391-44-44, электрондық мекенжай: tookhan.elitstroy@bk.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: ЖК Крылова М.П., ЖСН 601116401360, телефоны: 8 (727) 273-16-91, электрондық ме-

кенжайы: eko_prom@bk.ru.

Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, телефон: 8 (7282)329267, электрондық мекен жай: 329267eco@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жоба бойынша құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Алматы облысының ЖАО сайтында орналастырылған.

Zoom платформасындағы видео-байланыс:

https://us05web.zoom.us/j/84085412852?pwd=4DfsWXjYna5cUH6TJbtLYYqZ5N3itT.1

Конференция идентификаторы: 840 8541 2852. Кіру коды: 2rj7a

ОБЪЯВЛЕНИЕ

28 октября 2025 года в 14:30 ч. по адресу: Алматинская область, Енбекши-казахский район, Байтерекский с.о., автодорога Алматы-Кокпек 32 км, здание ТОО «ХАН Элит Строй», конференц-зал, (коорд. 43.406786, 77.242590) проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по разделу «Охрана окружающей среды», разработанному для карьера по добыче ПГС с ДСУ ТОО «ХАН Элит Строй».

Инициатор: ТОО «ХАН Элит Строй», БИН 180740029761, телефон: 8(727) 391-44-44, электронный адрес: tookhan.elitstroy@bk.ru.

Разработчик проектной документации: ИП Крылова М.П., ИИН 601116401360, телефон: 8(727)273-16-91, электронный адрес: eko_prom@bk.ru.

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, тел.: 8 (7282)329267, электронный адрес: 329267eco@mail.ru.

Для предоставления замечаний и предложений документация по проекту размещена на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов ndbecology.gov.kz и на сайте МИО Алматинской области.

Видеоконференцсвязь на платформе Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/84085412852?pwd=4DfsWXjYna5cUH6TJbtLYYqZ5N3itT.1

Идентификатор конференции: 840 8541 2852. Код доступа: 2rj7a

ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылғы 3 қарашада сағат 10:30-да мына мекенжайда: Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылдық округі, Өтеген батыр ауылы, 3. Батталханов көшесі, 7в, конференцзалда, «MasterCopy» ЖШС өндірістік базасы үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс ретінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Бастамашы: «MasterCopy» ЖШС, БСН 101040005013, телефоны: 8(777)547-47-17, электрондық мекенжай: infoescorprom@mail.ru.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: ЖШС «ЭкоПромМониторинг», БСН 130840015756, телефоны: 8(727) 273-16-91, электрондық мекенжайы: eko_prom@bk.ru.

Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы, телефон: 8(7282)329267, электрондық мекенжай: 329267eco@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жоба бойынша құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Алматы облысының ЖАО сайтында орналастырылған.

Zoom платформасындағы видеобайланыс: https://us05web.zoom.us/j/81382790143?pwd=T75x1YvGsR7JKaPTLXecbcUtUWb8a1.1

Конференция идентификаторы: 813 8279 0143 Кіру коды: 3JLDrX

ОБЪЯВЛЕНИЕ

03 ноября 2025 года в 10:30 ч. по адресу: Алматинская область, Илийский район, сельский округ Отеген батыр, с.Отеген батыр, ул. 3. Батталханова, 7в, конференц-зал проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по разделу «Охрана окружающей среды», разработанному для производственной базы ТОО «MasterCopy».

Инициатор: ТОО «MasterCopy», БИН 101040005013, телефон: 8(777)547-47-17, электронный адрес: infoescorprom@mail.ru.

Разработчик проектной документации: ТОО «ЭкоПромМониторинг», БИН 130840015756, телефон: 8(727)273-16-91, электронный адрес: eko_prom@bk.ru.

Местный исполнительный орган:

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, тел.: 8(7282)329267, электронный адрес: 329267eco@mail.ru.

Для предоставления замечаний и предложений документация по проекту размещена на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов ndbecology.gov.kz и на сайте МИО Алматинской области.

Видеоконференцсвязь на платформе Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/81382790143?pwd=T75x1YvGsR7JKaPTLXecbcUtUWb8a1.1

Идентификатор конференции: 813 8279 0143 Код доступа: 3JLDrX

ТЕМІРЖОЛ – АСА ҚАУІПТІ АУМАҚ!

Алматы жол дистанциясына қарасты жол аумағы бір жағы Отар бекетінен басталып, екінші жағы Құлантөбе бекетімен аяқталады. 345 шақырымды құрайтын теміржол бойында 20 бекет орналасқан.

Оның ішінде Алматы-1 және Алматы-2, Алматы мен Қапшағай бекеттерінің аралығы қала ішінде болғандықтан жергілікті тұрғындардың теміржол бойында ережелерді сақтау мәселесі бүгінгі күнде өзекті болып тұр.

Сондықтан жол дистанциясының қызметкерлері халық арасында профилактикалық жұмыстарды жиі жүргізеді. Ел ішін аралап, қауіп-қатерді ескертіп, көмілетке толмаған балаларын қараусыз қалдырмауға кеңес береді.

Алайда теміржолға жақын жерде жүріп-тұру ережелерін сақтап жатқандар аз. Соның салдарынан қараусыз қалған жас балалар, бөтен адамдар жолға шығып кетіп, машинистер пойызды шұғыл жағдайда тоқтатуға мәжбүр болып жатады. Бұндай оқиғаларының кесірінен пойыздар кешігеді.

Үстіміздегі жылда жол дистанциясы аумағында бөтен адам басу 4 оқиғасы тіркелді, оның 1 оқиғасы ауыр жарақатпен тіркелсе, 3 оқиға адам өлімімен аяқталды. 48 жағдайда пойыз машинистерінің шұғыл тежеу басу арқасында адам өмірі сақталып қалды.

Дистанция қызметкерлері теміржол аймағындағы қауіп-қатердің алдын алу үшін мектептерде де профилактикалық-түсіндіру жұмыстарын жиі жүргізеді. Сала мамандары оқушылардың денсаулығы мен өмірін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер және ата-аналармен бірлескен жұмыс аса маңызды екенін айтады.

Қозғалыс қауіпсіздігін сақтауда автокөлік жүргізушілерінің де жол ережелерін сақтауы маңызды. Бұл – өткелдер арқылы қауіпсіз өтудің кепілі. Жалпы дистанция қызмет көрсететін аумақта 17 теміржол өткелі бар, оның 9-ы күзетіледі. Биыл күзетілетін өткелдерде екі жол-көлік оқиғасы орын алды. Екі жағдайда да көлік иелері кінәлі. Салдарынан локомотивке залал келіп, жүргізушіге айыппұл салынды.

Сондай-ақ, Қайрат, Байсерке, Құлантөбе, Бөктер бекеттерінің арасындағы аралықта тұратын халық мал шаруашылығымен айналысады. Жол дистанциясының қызметкер-

лерінің халық арасында жүргізілетін профилактикалық жұмыстарына қарамастан мал иелері мал жаю ережесін сақтамай, төрт түлігін қараусыз қалдыру салдарынан 2025 жылда пойыз машинистерінің шұғыл тежеу басу 19 жағдайы тіркелген.

Өткен жылдарда теміржол бойындағы келеңсіз жайттардың статистикасына көз жүгіртсек, жарақат алу жағдайларының көпшілігі ережелерді елемейді салдарынан болған. Теміржолдың аса қауіпті аумақ екенін біле тұра, жол белгілері мен бағдаршамның қызыл жану кезінде теміржолды өткендердің кінәсі-



нен орын алған жазатайым оқиғалар да бар. Сала қызметкерлері жазатайым оқиғаларды болдырмау үшін өткелдер арқылы етуді, қарсы бағытта пойыздың жоқтығына көз жеткізбей жолды кесіп өтпеу керектігін ескертеді. Шлабаум жабылған соң өтпелі дабыл бағдаршамының қызыл сигналын көрсеткен кезде теміржол өткелдерінен өтуге тыйым салынатынын жүйелі түрде еске салады. Осы ережелерді орындау қайғылы оқиғаларды болдырмауға көмектеседі деп үміттенеміз және тек бірлескен күш-жігермен біз туыстарымыз бен жақындарымыздың өмірін қорғай аламыз!

Жүк және жолаушылар пойыздары қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету – барлық теміржолшылардың басты міндеттері.

Қауіпсіздік – өзектілігін ешқашан да жоймайтын тақырып.

Сондықтан теміржолшылар шойынжол бойында қауіпсіздіктің сақталуы жолында жыл он екі ай күреседі.

Қ. ҚАПСАЛАМАТОВ,
Алматы жол дистанциясының бастығының орынбасары

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Макаренко Виктора Николаевича**, умершего 28. 05. 2025 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

В связи со смертью **Маликов Владимира Викторовича**, умершего 27. 06. 2025 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу А. Т. Кожобаев по адресу: с. Байсерке, ул. Аркабая 38, тел.: 8 747 721 22 96.

В связи со смертью **Цайлера Виктора Викторовича**, умершего 11. 06. 2019 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. Д. Салпекову по адресу: с. Чапаев, 3 мкр. дом №3.

В связи со смертью **Андреева Олега Владимировича**, умершего 20. 04. 2025 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Р. Е. Сокольниковой, по адресу: п. Боралдай, ул. Лихошерстова, №12 «Б».

УТЕРЯ

Утерян документ на земельный участок, кадастровый номер 03-046-003-2878, расположенный по адресу: Республика Казахстан, Алматинская область, Илийский район, сельский округ Аксай, село Аксай, улица Мәңгілік ел, участок №6 «Б», номер документа РКА2202300008558500, считать недействительным.

Утерян документ на земельный участок, кадастровый номер 03-046-003-2879, расположенный по адресу: Республика Казахстан, Алматинская область, Илийский район, сельский округ Аксай, село Аксай, улица Мәңгілік ел, дом №6, номер документа РКА0201300060968305, считать недействительным.

Меншік иесі: «Іле таны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Директор-бас редактор - РЫМЖАНОВ БАҚТИЯР ТАЛҒАТУЛЫ

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП,
№KZ30VPY00065449 КҮӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №38. Осы шығарылымның таралымы - 5000